




Бекітілген / Утверждено
Ғылыми кеңестің шешімімен /
Решением Ученого совета
«28» 06 2024 ж./г.
хаттама / протокол № 11

PR-03-07-03-06-04
Докторантураға қабылдау ережесі /
Правила приема в докторантуру

Әзірледі / Разработала		
Магистратура және докторантура бөлімінің басшысы / Начальник отдела магистратуры и докторантуры	 (қолы / подпись)	Ф. Оразаева



Мазмұны / Содержание

№		Бет / Стр
1	Жалпы ережелер	3
2	Докторантураға қабылдау тәртібі	5
3	«Денсаулық сақтау» білім беру саласы бойынша докторантураның білім беру бағдарламалары тобына докторантураға үміткерлерді алдын ала іріктеуді ұйымдастыру	6
4	Докторантураның білім беру бағдарламаларын менгергісі келетін тұлғалардың алдыңғы білім деңгейіне қойылатын талаптар	8
5	Құжаттарды қабылдау	8
6	Қабылдау емтиханын ұйымдастыру және өткізу	10
7	Апелляциялық комиссияның жұмыс тәртібі	11
8	Докторантураға қабылдау	12
9	Құқығы	12
10	Жауапкершілігі	13
	Қосымшалар	27
	Танысу парағы	29
	Келісу парағы	30
1	Общие положения	14
2	Порядок приема в докторантуру	16
3	Организация предварительного отбора претендентов в докторантуру по группе образовательных программ области образования "Здравоохранение"	17
4	Требования к предшествующему уровню образования лиц, желающих освоить образовательные программы докторантуры	18
5	Прием документов	19
6	Организация и проведение вступительного экзамена	21
7	Порядок работы апелляционной комиссии	22
8	Зачисление в докторантуру	23
9	Права	24
10	Ответственность	24
	Приложения	25
	Лист ознакомления	29
	Лист согласования	30



1. Жалпы ережелер

1.1. Докторантураға қабылдау ережесі (бұдан әрі-Ереже) құжаттарды қабылдау және үміткерлерді докторантураға қабылдау мәселесі бойынша «Қазақстан – Ресей медициналық университеті» МЕББМ (бұдан әрі-Университет) қабылдау комиссиясының қызметін үйлестіру мақсатында әзірленді.

1.2. Осы Ереже жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың Үлгілік қағидаларына (бұдан әрі – Үлгілік қағидалар) сәйкес әзірленген және Университет докторанттарының контингентін қалыптастыру тәртібін айқындайды.

1.3. Нормативтік сілтемелер*):

1.3.1. «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі.

1.3.2. «Ғылым және технологиялық саясат туралы» және «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңдары.

1.3.3. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің (бұдан әрі – ҚР ҒЖБМ), Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің (бұдан әрі – ҚР ДСМ) бұйрықтары, сондай-ақ докторантураға қабылдау қағидаларын регламенттейтін Қазақстан Республикасының өзге де қолданыстағы нормативтік құқықтық актілері.

1.3.4. Университет жарғысы.

1.3.5. Университеттің академиялық саясаты.

1.3.6. Университеттің ішкі тәртіп ережелері.

1.3.7. Университеттің сапаны қамтамасыз ету жүйесінің (бұдан әрі – ESG) бұйрықтары, басшылық өкімдері және өзге де құжаттары.

*) Егер сілтемеде құжаттың күні белгіленген басылымы көрсетілсе, онда тек осы нұсқа қолданылады. Күні қойылмаған сілтемелер үшін сілтеме құжатының соңғы қолданыстағы нұсқасы (кез келген түзетулерді қоса алғанда) қолданылады.

1.4. Қолдану саласы:

Осы Ереже талаптары үміткерлердің құжаттарын қабылдауды ұйымдастыру және докторантураның білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша түсу емтиханының нәтижелері бойынша университеттің докторантурасына қабылдау процесіне қолданылады.

1.5. Тарату аясы:

Докторантурада жоғары оқу орнынан кейінгі білім алғысы келетін тұлғалар үшін

1.6. Мүдделі тараптар:

Мүдделі тарап	Қажеттіліктер мен үміттер
1	2
Сыртқы аудиторлар	Сыртқы аудитті жүргізу тиімділігін арттыру
Магистратура және докторантура бөлімі	Университет докторантурасына үміткерлерді қабылдау бойынша функцияларды үйлестіру және бақылау
Университеттің қабылдау комиссиясы	Университет докторантурасына түсу емтиханын өткізуді ұйымдастыру.
Докторантураға үміткерлер	Докторантураға қабылдау ережелерімен және тәртібімен танысу



1.7. Терминдер, қысқартулар және анықтамалар.

1.6.1) Мәтін бойынша төмендегі кестеде көрсетілген терминдер мен олардың анықтамалары колданылады:

Терминдер, қысқартулар	Анықтамалар
1	2
Шетелдік	осы елдің азаматы болып табылмайтын және өзінің өзге мемлекеттің азаматтығына тиесілігінің дәлелдемелері бар адам;
Докторант	докторантурада оқитын тұлға;
Докторантура	білім беру бағдарламалары философия докторы (PhD) (бейіні бойынша доктор) дәрежесін беретін кемінде 180 академиялық кредитті міндетті түрде игере отырып, ғылыми, педагогикалық және (немесе) кәсіптік қызмет үшін кадрлар даярлауға бағытталған жоғары оқу орнынан кейінгі білім;
Азаматтығы жоқ адам (апатрид)	осы елдің азаматы болып табылмайтын және өзге мемлекеттің азаматтығына тиесілігінің дәлелдемелері жоқ адам;
ҚР БЖҒМ	Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігі;
Пререквизиттер	оқытылатын пәнді меңгеру үшін қажетті білімді, іскерлікті және дағдыларды қамтитын пәндер;
Қабылдау комиссиясы	жүзеге асыратын ЖЖЖОКБҰ жанындағы комиссия;
Шекті балл	республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен білім беру грантын беру конкурсына қатысуға немесе ақылы негізде оқуға түсу үшін жол беретін тестілеудің блоктары немесе пәндері бойынша Үлгілік қағидаларда белгіленген баллдардың ең төменгі сомасы;
Постреквизиттер	зерделеу үшін қажет етілетін білімдер, іскерліктер және дағдылар осы пәнді зерделеу аяқталғаннан кейін талап етілетін пәндер;
БАҚ	Бұқаралық-ақпарат құралдары;
ЖЖЖОКБҰ	Жоғары және(немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымы
ЭЦҚ	Электрондық цифрлық қолтаңба

1.8. Осы Ереже бойынша барлық жұмыстарды қабылдау комиссиясының төрағасы бақылайды.

1.9. Енгізілетін формалар:

1.8.1) Осы Ережелер келесі формаларды колданысқа енгізеді:

Формалар	форма атауы
1	2
F-PR-03-07-03-06-04-01	Университет докторантурасына түсу үшін ректордың атына өтініш
F-PR-03-07-03-06-04-02	Үміткерді Докторантура бағдарламасына түсуге итермелеген себептері туралы эссесі
F-PR-03-07-03-06-04-03	Докторантураға үміткерлерді тіркеу журналы
F-PR-03-07-03-06-04-04	Университет докторантурасына түсу үшін құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат
F-PR-03-07-03-06-04-05	Докторантураға түсетін үміткерді бағалау парағы

PR-03-07-03-06-02	Докторантураға қабылдау ережесі / Правила приема в докторантуру	Басылым 02 / Издание 02
-------------------	---	-------------------------



F-PR-03-07-03-06-04-06	Докторантураға түсу емтиханын қабылдау бойынша емтихан комиссиясы отырысының хаттамасы
F-PR-03-07-03-06-04-07	Апелляцияға өтініш
F-PR-03-07-03-06-04-08	Докторантураға түсу емтиханының апелляциялық комиссиясы отырысының хаттамасы

2. Докторантураға қабылдау тәртібі

2.1. Докторантураға «магистр» дәрежесі және кемінде 9 (тоғыз) ай жұмыс өтілі бар немесе медициналық мамандықтар бойынша резидентурада оқуын аяқтаған тұлғалар қабылданады.

2.2. Докторантураға қабылдау ғылыми-педагогикалық және бейіндік бағыттар бойынша кадрлар даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру, сондай-ақ білім алушылардың өз қаражаты және өзге де қорлар есебінен оқуға ақы төлеу арқылы жүзеге асырылады.

2.3. Шетелдіктерді докторантураға қабылдау ақылы негізде жүзеге асырылады. Шетелдіктердің мемлекеттік білім беру тапсырысына сәйкес конкурстық негізде жоғары оқу орнынан кейінгі тегін білім алуы Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында айқындалады.

2.4. Шетел азаматтарын университеттің докторантурасына ақылы негізде оқуға қабылдау университеттің қабылдау комиссиясы өткізетін әңгімелесу нәтижелері бойынша күнтізбелік жыл ішінде жүзеге асырылады. Шетелдік азаматтарды қабылдау академиялық күнтізбеге сәйкес келесі академиялық кезең басталғанға дейін 5 (бес) күн бұрын жүзеге асырылады.

2.5. Шетелдік білім беру ұйымдары берген білім туралы құжаттар заңнамада белгіленген тәртіппен танылады.

2.6. Шет тіліндегі құжаттар нотариат куәландырған қазақ немесе орыс тілдеріндегі аудармасымен қоса ұсынылады.

2.7. Шетелдік білім беру ұйымдары берген білім туралы құжаттар 1 (бірінші) академиялық оқу кезеңі ішінде адамдарды қабылдағаннан кейін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен білім туралы құжаттарды тану рәсімінен өтеді.

2.8. Докторантураға қабылдау екі кезеңде жүргізіледі: алдын ала іріктеу, түсу емтихандары.

2.9. Докторантураға түсушілерді алдын ала іріктеу түсу емтихандары басталғанға дейін күнтізбелік жылдың 1 ақпанынан 15 сәуәрі аралығында жүргізіледі.

2.10. Докторантураның білім беру бағдарламалары бойынша оқуға алдын ала іріктеу тәртібін Университет дербес айқындайды.

2.11. Докторантураның білім беру бағдарламалары бойынша оқуға өткізілген алдын ала іріктеу нәтижелері түсу емтихандарына жіберу немесе жібермеу болып табылады.



2.12. Докторантураға, оның ішінде нысаналы даярлық бойынша қабылдау докторантураның білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша түсу емтиханының нәтижелері бойынша конкурстық негізде жүзеге асырылады.

2.13. Құжаттарды қабылдау және түсу емтихандарын өткізуді ұйымдастыру үшін Университетте қабылдау комиссиясы құрылады. Қабылдау комиссиясының төрағасы университет ректоры немесе оның міндетін атқарушы тұлға болып табылады.

2.14. Қабылдау комиссиясының құрамы мен функциялары университет ректорының немесе оның міндетін атқарушы адамның бұйрығымен бекітіледі.

2.15. Университеттің қабылдау комиссиясы:

2.15.1. Түсушілерге жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларының таңдаулы тобының мәселелері бойынша кеңес беру, түсу емтиханының рәсімімен танысу;

2.15.2. Түсушілердің құжаттарын қабылдауды және тексеруді ұйымдастыру;

2.15.3. Білім беру бағдарламаларының топтары бойынша түсу емтиханын өткізуді ұйымдастыру;

2.15.4. Университет докторантурасына қабылдау бұйрығын калыптастыру.

3. «Денсаулық сақтау» білім беру саласы бойынша докторантураның білім беру бағдарламалары тобына докторантураға үміткерлерді алдын ала іріктеуді ұйымдастыру

3.1. Докторантурада оқуға үміткерлерді алдын ала іріктеуді жүргізу үшін докторантураға алдын ала іріктеуді өткізу кезеңіне комиссия құрамы калыптастырылады

Комиссия құрамы докторантураға үміткерлердің ғылыми жұмыстары жобаларының бейіні бойынша немесе ұқсас ғылыми бағыттары бойынша университеттің профессорлық-оқытушылық құрамы қатарынан калыптастырылады.

Алдын ала іріктеу әңгімелесу нысанында жүргізіледі

3.2. Қабылдау комиссиясы университеттің ресми ақпараттық ресурстары арқылы және университет сайтында алдын ала іріктеу мерзімі мен шарттары туралы хабарландыру орналастырады.

3.3. Қабылдау комиссиясы университеттің ресми ақпараттық ресурстарында және сайтында қабылдау ережесін, оқуға түсуге арналған құжаттар тізбесін, түсу емтихандарының бағдарламаларын, докторантураның білім беру бағдарламалары бойынша әңгімелесу кестелерін орналастырады.

3.4. Үміткерлер қабылдау комиссиясына ұсынады:

3.4.1. Докторантураға түсу үшін ректордың атына өтініш (F-PR-03-07-03-06-04-01).

3.4.2. Жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі.

3.4.3. Білімі туралы құжат (көшірмесі): жоғары білім туралы құжат; интернатураны бітіргені туралы куәлік (бар болса); магистратураны бітіргені туралы диплом немесе резидентураны бітіргені туралы куәлік.



3.4.4. Түйіндеме (1-қосымша);

3.4.5. Ғылыми жетекшілерді ұсыну / келісу үшін жоспарланған ғылыми жұмыстың жобасы.

3.4.6. Еңбек өтілін растау үшін еңбек қызметін растайтын құжат.

3.4.7. Сонғы 3 күнтізбелік жылдағы ғылыми және ғылыми-әдістемелік жұмыстардың (ғылыми жарияланымдар) тізімі (бар болса).

3.4.8. Ғылыми әзірлемелер туралы куәліктер; ғылыми стипендиялар; гранттар беру туралы сертификаттар; ғылыми конференциялар мен конкурстарға қатысқаны үшін грамоталар / дипломдар және т. б. (Бар болса).

3.4.9. Ұсыным хат (кандидаттың кәсіби және академиялық қабілеттерін бағалауға мүмкіндігі бар және оның жетістіктері мен болашақ жоспарлары туралы хабардар адам) (бар болса)

3.5. Қабылдау комиссиясы докторантураға түсетін докторантураға үміткерлерді тіркеудің электрондық журналын жүргізеді (F-PR-03-07-03-06-04-03).

3.6. Докторантураға үміткермен әңгімелесуді потенциалды ғылыми жетекшінің қатысуымен, тандалған білім беру бағдарламасына уәждемесін, мамандық бойынша дайындық деңгейін (алдыңғы білім беру бағдарламасының көлемінде), талдамалық, шығармашылық ойлауды, зерттеу жұмысын жүргізу қабілетін анықтау үшін өткізу ұсынылады.

3.7. Қабылдау комиссиясы алдын ала іріктеуді жүргізу кезінде мыналарды ескереді:

3.7.1. Алдыңғы білім деңгейі;

3.7.2. Ғылыми конференцияларға қатысу (ЖОО ішіндегі, ЖОО аралық, республикалық, халықаралық);

3.7.3. Ғылыми-зерттеу жобасының болуы немесе ғылыми жобаларға қатысуы;

3.7.4. Жарияланымдарының болуы;

3.7.5. Потенциальды ғылыми жетекшімен әңгімелесу нәтижелері.

3.8. Алдын ала іріктеу қорытындысы бойынша докторантураға үміткерге комиссия шешімімен : «докторантураға конкурсқа қатысқа ұсынылсын» немесе «докторантураға конкурсқа қатысуға ұсынылмасын» деген анықтама беріледі.

3.9. Докторантураға үміткерлерді алдын ала іріктеу үшін университетте **кәсіптік бағдар беру жұмыстары ұйымдастырылады және жүргізіледі:**

3.9.1. Қабылдау комиссиясы бітіруші кафедралардың, құрылымдық бөлімшелердің, деканаттардың және т.б. өкілдерімен бірлесіп білім беру бағдарламалары бойынша кәсіптік бағдар беру жұмысын жүргізеді.

3.9.2. Докторантураға үміткерлермен консультациялар сұрақтарға жауап беруді, докторантураның білім беру бағдарламасына енгізу бойынша ақпарат беруді, портфолионы талдауды, ғылыми жобаны жасауда консультациялық көмек көрсетуді көздейді.



4. Докторантураның білім беру бағдарламаларын меңгергісі келетін тұлғалардың алдыңғы білім деңгейіне қойылатын талаптар

4.1. Докторантураның білім беру бағдарламаларын меңгергісі келетін адамдардың алдыңғы білім деңгейі:

- **8D10102 – «Медицина»:** - білім беру бағдарламасы бойынша:

7M10102 - "Медицина", 7M10101 - "Қоғамдық денсаулық сақтау", 7M10104 - "Медициналық-профилактикалық іс", 6M110100 – "Медицина", 6M110300 "Мейірбике ісі", 6M110200 – "Қоғамдық денсаулық сақтау", 6M110500 – "Медициналық-профилактикалық іс" мамандықтары бойынша Магистратура; Резидентура (барлық мамандықтар).

- **8D10101 - "Қоғамдық денсаулық сақтау" білім беру бағдарламасы бойынша:**

7M10102 - "Медицина", 7M10101 - "Қоғамдық денсаулық сақтау", 7M10104 - "Медициналық-профилактикалық іс", 7M10117 - "Фармация", 6M110100 – "Медицина", 6M110200 – "Қоғамдық денсаулық сақтау", 6M110300 – "Мейірбике дело", 6M110400 – "Фармация", 6M110500 – "Медициналық-профилактикалық іс", 6M110600 - "Денсаулық сақтау менеджменті", Резидентура (барлық мамандықтар).

4.2. Бейіндік бағыттағы магистр және/немесе резидентураны бітіруші PhD докторантураға түскен кезде оған ғылыми-педагогикалық магистратураның педагогикалық бейініндегі жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламасы пререквизиттер ретінде қосымша белгіленеді.

4.3. Бейіндік магистратураны немесе резидентураны бітірген адамдар үшін педагогикалық бейіндегі білім беру бағдарламасының мазмұны осы Ереженің 2-қосымшаға сәйкес белгіленеді. Докторантка оларды оқу бірінші жылы ішінде ақылы негізде игеруге рұқсат етіледі, оны аяқтағаннан кейін оған тиісті куәлік беріледі.

5. Құжаттарды қабылдау

5.1. Докторантураға түсуші тұлғалар:

1) күнтізбелік жылдың 3 шілдесінен 3 тамызына дейін;

2) күнтізбелік жылдың 25 қазанынан 10 қарашасына дейін.

университеттің қабылдау комиссиясына келесі құжаттарды ұсынады:

5.1.1. Докторантураға түсушілер ректорының атына өтініш (F-PR-03-07-03-06-04-01).

5.1.2. Білімі туралы құжат (түпнұсқасы және көшірмесі): интернатураны бітіргені туралы куәлік (қосымшасымен) (бар болса); магистратураны бітіргені туралы диплом және / немесе резидентураны бітіргені туралы куәлік (қосымшаларымен).

5.1.3. Жеке басын куәландыратын құжат (жеке басын сәйкестендіру үшін талап етіледі).

5.1.4. Шетел азаматтарын қоспағанда, ҰТО берген мемлекеттік тіл бойынша емтихан тапсыру туралы ресми сертификат (ҚАЗТЕСТ).

5.1.5. Шет тілін меңгергенін растайтын сертификат:



ағылшын тілін білу бойынша:

International English Language Tests System Academic (IELTS Academic), шекті балл-кемінде 5.0;

English as a Foreign Language Institutional Testing Programm Internet-based Test (TOEFL IBT), шекті балл-кемінде 35 балл;

English as a Foreign Language Institutional Testing Programm (TOEFL ITP) сынағы, шекті балл-кемінде 417;

TOEIC (test of English for International Communication), шекті балл-кемінде 550;

Duolingo English Test, шекті балл-кемінде 80;

неміс тілін білу бойынша:

Deutsche Sprachprüfung fuer den Hochschulzugang niveau B1 (DSH, Niveau B 1) - B1 деңгейінен төмен емес;

TestDaF-prüfung niveau 1 - де (TDF niveau 1-де) - B1 деңгейінен төмен емес;

француз тілін білу бойынша:

Test de Français International (TFI) - оқу және тыңдау секциялары бойынша B1 деңгейінен төмен емес;

Diplome d ' Etudes en Langue français (DELFI) - B1 деңгейінен төмен емес;

Diplome Approfondi de Langue francaise (DALF) - B1 деңгейінен төмен емес;

Test de connaissance du français (TCF)– B1 деңгейінен төмен емес.

5.1.6. №ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген Электрондық форматтағы 075/е нысаны бойынша Медициналық анықтама.

Шектеу іс-шаралары жүзеге асырылған, төтенше жағдай енгізілген, белгілі бір аумақта әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған жағдайларда осы іс-шаралар алынып тасталуына қарай тікелей білім беру ұйымдарына медициналық анықтама ұсынады.

5.1.7. Өлшемі 3x4 сантиметр болатын алты фотосурет.

5.1.8. Кадрларды есепке алу жөніндегі жеке парак немесе жұмыс орны бойынша кадр қызметімен расталған еңбек қызметін растайтын өзге де құжат.

5.1.9. Болжамды отандық немесе шетелдік ғылыми Консультантпен келісілген жоспарланатын диссертациялық зерттеудің негіздемесі (Аннотация нысанында);

5.1.10. Соңғы 3 күнтізбелік жылдағы ғылыми және ғылыми-әдістемелік жұмыстардың (ғылыми жарияланымдар)тізімі (бар болса).

5.1.11. Ғылыми әзірлемелер туралы куәліктер; ғылыми стипендиялар, гранттар беру туралы сертификаттар; ғылыми конференциялар мен конкурстарға қатысқаны үшін грамоталар/дипломдар (бар болса).

5.1.12. Алдын ала іріктеу нәтижелері.

5.1.13. Үміткерді кандидаттың ұзақ мерзімді мансаптық максаттары туралы Докторантура бағдарламасына түсуге итермелеген себептер туралы және осы бағдарлама оған осы максаттарға қол жеткізуге қалай көмектесетіні туралы эссе (F-PR-03-07-03-06-04-02).

5.2. 5.1.4. және 5.1.5. тармақшаларда санамаланған құжаттар түпнұсқада ұсынылады, салыстырылғаннан кейін түпнұсқалар өтініш берушіге қайтарылады.



5.3. Осы тармақта көрсетілген құжаттардың толық емес тізбесі ұсынылған кезде қабылдау комиссиясы түсушілерден құжаттарды қабылдамайды.

5.4. Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm (TOEFL ITP) сертификаты бар тұлғалар докторантураға түсу емтиханы басталғанға дейін ағылшын тілін білуге арналған қосымша тестілеуді (бұдан әрі – қосымша тестілеу) тапсырады.

5.4.1. Қосымша тестілеудің тест тапсырмаларының саны 100 сұрақты құрайды. Ең көп ұпай саны-100 ұпай.

5.4.2. Қосымша тестілеу "жіберу" немесе "жібермеу" формасында бағаланады. "Жіберу" бағасын алу үшін кемінде 75 балл жинау керек.

5.4.3. Қосымша тестілеуді ҰТО ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті орган айқындаған ұйымдарда жүргізеді.

5.4.4. Қосымша тестілеуді тапсыру күні, уақыты мен орны оқуға түсушілердің назарына олардың жеке кабинеті арқылы жеткізіледі.

5.4.5. Қосымша тестілеу нәтижелері қосымша тестілеу аяқталғаннан кейін компьютер экранында көрсетіледі.

5.4.6. Қосымша тестілеу нәтижелері бойынша электрондық сертификат беріледі, ол ҰТО сайтында жарияланады және расталады және түсушінің жеке кабинетіне жіберіледі.

5.4.7. 4-20 тамыз аралығында өткізілген қосымша тестілеу сертификаты ағымдағы күнтізбелік жылдың 1 желтоқсанына дейін жарамды.

5.4.8. 18 қараша мен 11 желтоқсан аралығында өткізілген қосымша тестілеу сертификаты келесі күнтізбелік жылдың 1 наурызына дейін жарамды.

5.5. Мемлекеттік немесе ресми тілі ағылшын тілі болып табылатын және Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымына (ЭЫДҰ) мүше мемлекеттердің аккредиттеу органдарының тізілімдеріне және (немесе) қауымдастықтарына енгізілген шетелдік аккредиттеу органдарының мамандандырылған аккредитациясы бар елдерде шетелдік ЖЖОКБҰ –білім алған адамдар 5 жыл ішінде шет тілін меңгергенін растайтын халықаралық сертификаттарды ұсынбайды. осы тармақта көрсетілген шет тілін меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттері (стандарттары).

5.6. Ұсынылатын сертификаттардың түпнұсқалығы мен қолданылу мерзімін университеттің қабылдау комиссиясы тексереді.

6. Қабылдау емтиханын ұйымдастыру және өткізу

6.1. Докторантураға білім беру бағдарламаларының топтары бойынша түсу емтихандары келесі мерзімдерде өткізіледі:

1) күнтізбелік жылдың 4 тамызынан 20 тамызына дейін;

2) күнтізбелік жылдың 19 қарашасынан 11 желтоқсанына дейін.

6.2. Докторантураға түсу емтиханы жоспарланған ғылыми зерттеу шеңберінде әңгімелесу түрінде өткізіледі. Әңгімелесуді емтихан комиссиясының мүшелері докторантураға үміткердің ғылыми-зерттеу жұмысын өз бетінше орындауға даярлығының деңгейін бағалау үшін жүргізеді.



6.3. Докторантураға түсу емтихандарын өткізу кезеңінде университетте докторантураның тиісті білім беру бағдарламасы бойынша емтихан комиссиялары құрылады.

6.4. Докторантураның білім беру бағдарламалары бойынша емтихан комиссиялары тиісті бейін бойынша ғылым докторы немесе кандидаты ғылыми дәрежесі немесе философия докторы (PhD) дәрежесі бар университеттің профессор-оқытушылар құрамы мен қызметкерлері қатарынан калыптастырылады және университет ректорының бұйрығымен немесе Комиссия мүшелерінің арасынан комиссия төрағасын сайлай отырып, оның міндетін атқарушы адамның бұйрығымен бекітіледі және білім беру және денсаулық сақтау салаларының уәкілетті органына жіберіледі.

6.5. Үміткердің түсу емтиханына дәлелсіз себептермен келмеуі "0" баллмен бағаланады.

6.7. Емтихан комиссиясының құрамына апелляциялық комиссияның мүшелері кірмейді.

6.8. Бағаларды емтихан комиссиясының мүшелері докторантураға үміткердің бағалау парағында (F-PR-03-07-03-06-04-05) қояды және докторантураға түсу емтиханының хаттамасымен ресімделеді (F-PR-03-07-03-06-04-06) оны қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы докторантураға әрбір үміткерге жеке толтырады.

7. Апелляциялық комиссияның жұмыс тәртібі

7.1. Түсу емтихандарының нәтижелерімен келіспеген адамдардың өтініштерін қарау үшін университетте апелляциялық комиссия құрылады. Университеттегі апелляциялық комиссияның төрағалары мен құрамы қабылдау комиссиясы төрағасының бұйрығымен бекітіледі.

7.2. Апелляциялық комиссия докторантураға түсетін үміткердің жоспарланған зерттеу мазмұны бойынша шағымдарды қабылдайды және қарайды (F-PR-03-07-03-06-04-07).

7.3. Апелляциялық комиссия жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларының топтары бойынша түсу емтиханының нәтижелеріне апелляция берген адамның өтініші бойынша шешім қабылдайды.

7.4. Докторантураға түсетін тұлғалардан апелляцияға өтініш апелляциялық комиссия Төрағасының атына түсушілерден жеке беріледі

7.5. Өтініштер докторантураға түсу емтиханының нәтижелері жарияланғаннан кейін келесі күні сағат 13.00 - ге дейін қабылданады және өтініш берілген күннен бастап бір күн ішінде университеттің апелляциялық комиссиясы қарайды.

7.6. Апелляциялық комиссия өтінішті қараған кезде апелляция берген тұлға жеке басын куәландыратын құжатты ұсынады.

7.7. Апелляциялық комиссия әр адаммен жеке жұмыс істейді. Адам апелляциялық комиссияның отырысына келмеген жағдайда оның апелляцияға берген өтініші қаралмайды.



7.8. Апелляциялық комиссияның шешімі комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда Комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады. Апелляциялық комиссияның жұмысы комиссия Төрағасы мен барлық мүшелері қол қойған хаттамамен ресімделеді (F-PR-03-07-03-06-04-08).

8. Докторантураға қабылдау

8.1. Докторантураға қабылдау келесі мерзімдерде жүргізіледі:

8.1.1. Күнтізбелік жылдың 15 тамызынан 28 тамызына дейін;

8.1.2. Күнтізбелік жылдың 26 желтоқсанынан 10 қаңтарына дейін.

8.2. мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша және акылы негізде докторантураға қабылдау шет тілін меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттеріне (стандарттарына) сәйкес шет тілін меңгергенін растайтын халықаралық сертификат негізінде және докторантураның білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша түсу емтиханының қорытындысы бойынша ықтимал 100 балдан кемінде 75 балл жинаған халықаралық сертификат негізінде жүзеге асырылады.

8.3. Конкурстық балдардың көрсеткіштері бірдей болған жағдайда докторантураға қабылдау кезінде білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша түсу емтиханының ең жоғары бағасы, білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес келетін ғылыми жетістіктері бар тұлғалар: ғылыми жарияланымдар, оның ішінде соңғы 3 күнтізбелік жылдағы Clarivate Analytics компаниясының Web of science дерекқорының Journal Citation Reports деректері бойынша 1, 2 квартильге кіретін рейтингтік ғылыми басылымдар басым құқық алады; ғылыми әзірлемелер туралы куәліктер; ғылыми стипендиялар, гранттар және; ғылыми конференциялар мен конкурстарға қатысқаны үшін грамоталар/дипломдарға ие тұлғалар басымдық алады.

8.4. Жергілікті бюджет қаражаты есебінен мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша конкурсқа қатысу үшін оқуға түсушілер күнтізбелік жылдың 25 тамызына дейін университетке тапсырады:

8.4.1. Өтініш (еркін нысанда).

8.4.2. Жоғары білім туралы құжат (түпнұсқа).

8.4.3. Шет тілін меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттеріне (стандарттарына) сәйкес шет тілін меңгергенін растайтын сертификат және балдары көрсетілген білім беру бағдарламаларының топтары бойынша түсу емтиханын тапсыру туралы үзінді көшірме.

8.4.4. Еңбек кітапшасының көшірмесі (бар болса).

8.4.5. Жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі.

8.4.6. Алдын ала іріктеу нәтижелері.

9. Құқықтар

9.1. Қабылдау комиссиясы құқылы:

9.1.1. Осы Ереженің 5-тарауында көрсетілген құжаттардың толық емес тізбесін ұсынған кезде түсушілерден құжаттарды қабылдамауға



9.2. Докторантураға үміткерлер құқылы:

9.2.1. Қабылдау Ережесіне сәйкес бірнеше ұйымдарда әңгімелесуден өтуге, бірақ құжаттардың толық пакетін (ағымдағы жылы аяқталатын білім туралы құжаттарды қоспағанда) үміткер өзі таңдаған білім беру ұйымына ұсынады.

9.2.2. Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша және ақылы негізде докторантураға түсу конкурсына қатысуға.

9.2.3. Докторантураға түсуге арналған конкурстың қорытындылары туралы ақпарат алуға.

9.2.4. Өз құжаттарын конкурсты өткізудің кез келген кезеңінде университеттен жазбаша өтініш бойынша алуға.

9.2.5. Жазбаша апелляциялық өтініш негізінде апелляцияны қарау кезінде қатысуға міндетті.

9.3. Апелляциялық комиссия құқыды :

9.3.1. Қабылдау комиссиясының қызметкерлерінен қажетті құжаттар мен мәліметтерді сұратуға және алуға.

9.3.2. Университеттің емтихан комиссиясының мүшелерін апелляцияны қарауға тартуға.

10. Жауапкершілік

10.1. Қабылдау комиссиясы 2.15-тармақта көрсетілген функцияларды орындағаны үшін жауапты.

1. Общие положения



1.1. Правила приема в докторантуру (далее - Правила) разработаны с целью координации деятельности приемной комиссии НУО «Казахстанско-Российский медицинский университет» (далее - Университет) по вопросу приема документов и зачисления претендентов в докторантуру.

1.2. Настоящие Правила разработаны в соответствии с Типовыми правилами приема на обучение в организациях образования, реализующих образовательные программы высшего и послевузовского образования (далее - Типовые правила), и определяют порядок формирования контингента докторантов Университета.

1.3. Нормативные ссылки*):

1.3.1. Кодекс Республики Казахстан «О здоровье народа и системе здравоохранения».

1.3.2. Законы Республики Казахстан «О науке и технологической политике» и «Об образовании».

1.3.3. Приказы Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан (далее - МНВО РК), Министерства здравоохранения Республики Казахстан (далее - МЗ РК), а также иные действующие нормативные правовые акты Республики Казахстан, регламентирующие правила приема в докторантуру.

1.3.4. Устав университета.

1.3.5. Академическая политика университета.

1.3.6. Правила внутреннего распорядка Университета.

1.3.7. Приказы, распоряжения руководства и иные документы системы обеспечения качества (далее - ESG) Университета.

**) Если в ссылке указана датированная версия документа, то применяется только эта версия. Для недатированных ссылок применимой является последняя действующая версия ссылаемого документа (включая любые поправки).*

1.4. Область применения:

Требования настоящих Правил распространяются на процесс организации приема документов претендентов и зачисления в докторантуру Университета по результатам вступительного экзамена по профилю группы образовательных программ докторантуры.

1.5. Область распространения: для лиц, желающих получить послевузовское образование в докторантуре.

1.6. Заинтересованные стороны:

Заинтересованная сторона	Потребности и ожидания
1	2
Отдел магистратуры и докторантуры	Координация и контроль функции по приему претендентов в докторантуру Университета.
Приемная комиссия Университета	Организация проведения вступительного экзамена в докторантуру
Претенденты в докторантуру	Ознакомление с правилами и порядком приема в докторантуру

1.6.1. Термины, сокращения и определения: по тексту применяются термины и их определения, указанные в таблице ниже:

PR-03-07-03-06-02	Докторантураға қабылдау ережесі / Правила приема в докторантуру	Басылым 02 / Издание 02
-------------------	---	-------------------------



Термины, сокращения	Определения
1	2
Иностранец	лицо, не являющееся гражданином данной страны и имеющее доказательства своей принадлежности к гражданству иного государства;
Докторант	лицо, обучающееся в докторантуре;
Докторантура	послевузовское образование, образовательные программы которого направлены на подготовку кадров для научной, педагогической и (или) профессиональной деятельности, с присуждением степени доктора философии (PhD) (доктора по профилю) с обязательным освоением не менее 180 академических кредитов;
Лицо без гражданства (апатрид)	лицо, не являющееся гражданином данной страны и не имеющее доказательства принадлежности к гражданству иного государства;
МНиВО РК	Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан;
Пререквизиты	дисциплины, содержащие знания, умения и навыки, необходимые для освоения изучаемой дисциплины;
Приемная комиссия	комиссия при ОВиПО, осуществляющая прием в докторантуру;
